

БЕКІТЕМІН: *Жасоны*
Мектеб менгерушісі Шалабаева Ж.С.

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСТИНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру үйнімі	Миң бастауыш білім беретін мектебі „Шұғына“ шағын орталығы				
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Жоспардың күрылту кезеңі (анта күндерін, айды, жылды корсету)	12.12-16.12.2022ж.				
Анта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Күн тартібі					
Балаларды кабылдау	Балаларды жақсы көңіл күймен карсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың хөңзіл құйғын, онғың жағе пікірін, қызыгуышылығын анықтау. (сойлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әнгімелесу, кенес беру	Баланың отбасындағы тәртібі, оның әдеттері, балабакшадагы достарымен қарым-қатынасы, тамактану және үйнектау әдебі жайлы әнгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Тосек жапқыштарын өздігінен кигізу және шешуге, ересектерге барлық мүмкін болатын көмектерді корсетуге, комектесуге деген үмтүлісты және басқалардың	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Өз орындарында окулыктар мен оныншықтарды өз бетімен, әдемі және үқыпты етіп орналастыру, шкафттардағы тәртілті сақтау. (еңбек дагдылары)	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Үстел үстіне ыдыс- аяқтарды, наан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамак ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы,	"Еңбекке баулу" Максат-міндеттер. Ойыншықтар мен көмекші құралдарды өз бетінше және эстетикалық түрде орналастыру, шкафттарда тәртілті сақтау, шанды сұрту. (еңбек дагдылары)	

жұмысина деген құрметпен карауды үйрету. (сіңбек дағдылары)		пышакты қойып шыгу. (сіңбек дағдылары)		
<p>"Біздің Елбасымыз" тақырыбында суреттерді көру. "Мемлекеттік рәміздер". Мақсат-міндеттер. Еліміздің рәміздері олардың ерекшеліктері туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Куырмаш" саусаққа арналған жаттығу. Мақсат-міндеттер: балаларды қимылдарды жаттығу мәтінінің ыргагына сай орындауга дағыландыру; ұсак қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту.</p> <p>Куыр-куыр куырмаш, Балаларға бидай шаш. Бас бармақ, Балан үрек, Ортан терек, Шылдыр шүмек, Кішкене бебек. Сен тұр – кошақанга бар! Сен тұр – құлғыншаққа бар! Сен тұр – лаққа бар!</p>	<p>Санамақтар айтқызы. "Кел, санайық санамақ" Бір, екі, үш, Бір, екі, үш, Ал, кәнеки, үш. Төрт, бес, алты, жеті, Төрт, бес, алты, жеті, Мынау - ауыл шеті. Сегіз, тоғыз, он, Сегіз, тоғыз, он, Ал, кәнеки, қон. Асықпа да саспа, Бірден қайта баста. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>"Желбірейік туымыздай!" - Балалар, орнымыздан тұрып, жалаушаларымызды колымызга алып, сергіп алайык. Желбірейік туымыздай! (қолдарын жоғары көтеріп, жалаушаларды желбіретеді), Тәуелсіздік теніміз (қолдарын алға созып, жалаушаларын желбіретеді). Татулығы желбіреген (қолдарын жаңына жіберіп, жалаушаларын желбіретеді), Егеменді еліміз (жалаушаларын төменнен жогары</p>	

		<p>Сен тұр – бұзауқанға бар! Сен тұр – ботаңа бар! Ал сен аландамай, Қазан түбін жалап, үйде жат. (сөйлеуді дамыту)</p>		<p>карай желбіретіп көтеру). (сөйлеуді дамыту, дene шынықтыру)</p>	
Таңертеңгі жаттығу		<p>Жалпы дамыту жаттығулары (доппен).</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде. 1.1. Балалар доптарын жоғары көтеріп, екі қолды қайшылайды. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4-5 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып аяқ алшақ, дene тік, қол төменде. 2.1. Қолдарын иыққа көтеріп, доптарын қояды. 2.2. Бастапқы қалып (жаттығу 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып жерде отырады, аяқ алшақ, доп ұстаган қолдары екі жаңында. 3.1. Аяқтарын жинап, доп ұстаган қолдарымен құшақтайды. 3.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып аяқ бірге, дene бос, қол төменде. 4.1. Доптарын көкірек тұсында ұстап, бір орында тұрып секіру. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 3 рет қайталанады). <p>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дene шынықтыру)</p>			

(мәдени-гигиеналық дагдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)					
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>"Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойыны.</p> <p>Максат-міндеттер: еліміздің елтаңбасын ажыратуға үрету.</p> <p>Педагог:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, қазір біз "Елтаңбасы елімнің" дидактикалық ойынын ойнайды. Ойынның шартын тындандар. Тақтадан көптең белгілер көрсетіледі. Сендер еліміздің елтаңбасын көрген кезде "Қазақстан" деп айтасындар. Еліміздің елтаңбасы қанша рет қайталанса, сендер сонша рет "Қазақстан" деп айтасындар. Педагог балалармен бірге ойынды қадагалап отырады, 	<p>"Біздің ел" дидактикалық ойыны.</p> <p>Максат-міндеттер: балалардың біздің Отанымыз, астанасы туралы білімдерін көңейту.</p> <p>Барысы: педагог суреттерді көрсетеді және балаларға сұраптар қояды.</p> <p>Балалардан сұраптарға толық жауапты талап етеді.</p> <p>(коршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен</p> <p>ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты</p> <p>және балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Достарымның барлығын, Сыйлап, жақсы көремін.</p> <p>Алақаным арқылы Жылутымды беремін.</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Шаттық шенбері</p> <p>Максат-міндеттер.</p> <p>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен</p> <p>ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты</p> <p>және балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, үжымда достыққа тәрбиелеу.</p> <p>Армысыз, қайрымды Аспан ата!</p> <p>Армысыз, мейрімді Жер - Ана!</p> <p>Армысыз, шұғылалы Алтын - Күн!</p> <p>Куан, шаттан алакай!</p> <p>(сөйлеуді дамыту)</p>	

	<p>сонында жақсы ойнаган балаларга бәйтерек бейнеленген таңбалауыштар үлестіріледі.</p> <p>(коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту)</p>				
Білім беру үйімшін кестесі бойынша үйімдастырылған іс-әрекет	<p>Дене шынықтыру "Жана жыл, жана нұр!" Максат-міндеттер. Балаларды сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сактап, бағытты өзгертіп жүргүте жаттықтыру; салқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру дағдысын қалыптастыру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтан секіруге үйрету.</p>	<p>Дене шынықтыру "Қош келдің, Жана жыл!" Максат-міндеттер. Балаларда белгі беруі бойынша аяқтың үшімен және өкшемен жүру, жай калыпқа түсіп, тез ойнаган музыка әуенімен жүгіру; гимнастикалық орындықтың үстімен жүру; 3 м қашықтықта алға жылжи отырып, екі аяқтан секіру техникасын дамыту.</p>	<p>Музыка "Жана жыл - жана нұр". Максат-міндеттер. Балалардың шырша және Аяз ата туралы әндерге қызыгуышылығы мен ықыласын ояту; әнді котерінкі көңіл-күйде, эмоционалды кабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; әндегі ыргактың сипатын сезіне білу қабілетін дамыту; ән айтуда дұрыс тыныс алу дағдысына үйрету;</p>	<p>Дене шынықтыру "Жана жыл күтті болсын!" Максат-міндеттер. Балаларда сап түзеп бірінің артынан бірі арақашықтық сактап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін дамыту; жүгіру кезінде балалар бір-біrine согылтып калмауы үшін арақашықтық сактап жүгіруге және бір бағытта жүгіріп келе жатып, келесі бағытқа белгі бойынша тез ауысу дағыларына жаттықтыру.</p>	

музыка әуенімен
бірге би қымылдарын
орындауда ептілікке,
дәлдікке үйрету;
музыкадагы
контрасттық
білімдерді ажыратса
білуге үйрету; жаңа
жыл туралы ұғым
беру.
"Қанша Аяз ата?"
дидактикалық
ойыны.

Қазақ тілі
"Шыршаның бастан
кешкендері"
Мақсат-міндеттер.
Ересек адамның
көмегімен шағын
өлеңді жаттауды,
жаттау барысында
өлеңнің мазмұнына
өз қарым-қатынасын
жеткізе білуді
үйрету; қазақ тілінде
қыс мезгілі туралы,
қыскы мерекелер
туралы білімдерін
кенейту. Қыскы іс-
шаралар тек қыс
мезгіліне тән деген
түсініктерін бекіту.
Көркемсөз ұлғілері
арқылы балалардың
сөйлеуін
жандандыру.
Сұрақтарға дұрыс
жауап беру
керектігін үйретуді
жалғастыру.
Суреттерге немесе
жиі қайталанатын

				<p>создерге сүйеніп, казақ тіліндегі акпаратты есту арқылы қабылдай алу кабілеттерін дамыту; сөйлеуін, кеңістіктік ойлау негіздерін дамыту. Есту зейінін және музыкаға эмоционалды карым- катаңасын, эмоционалды жауап беруге баулу. Өзгелерге деген кайырымдылық пен жанашырлық сезімдеріне, табиғатқа сүйіспеншілікке тәрбиелесу.</p>	
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтепкесін реттілікпен киоін қадагалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Әуе коліктерін бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: әуе көлігі, оның колданылуы және мақсаты туралы	Құстарды бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: құс әлемі туралы білімдерін бекіту; сипаттама бойынша	Қардагы құстардың іздерін бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: қыстайтын құстар туралы білімдерін	Қарғаны бакылау. (коршаган ортамен танысу, сойлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: карғамен таныстыруды жалғастыру; оның	

білімдерін кеңейту. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кар жауғаннан кейін жолды тазарту.) (еңбек іс-әрекеті) Мақсат-міндеттер: бірлесіп жұмыс істеу қабілетін бекіту, жұмыстың нәтижесіне қуану. Қимыл-козгалыс ойындары: "Бұғының үлкен үйі бар". (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: козгалысты мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. Өзіндік еркін ойын әрекеттері: сзықтар арасында жұру (10-15 см). (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: физикалық белсенділікті дамыту	құстарды тану іскерліктерін жетілдіру. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кардан құрылыштар жасау). Мақсат-міндеттер: педагогке қардан құрылыш жасауға көмектесуге үйрету; достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-козгалыс ойындары: "Екі аяз. (дene шынықтыру)" Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-козгалыс жасай білуге баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозгалыстарды дамыту: жылан секілді қозгалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің	кеңейту, кай құстың ізі екенін ажырату; байқағыштық пен зейінділікке тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (кардан тәбешік жасау). Мақсат-міндеттер: еңбекке деген сүйіспеншілік пен достық қарым-қатынасты дамыту. Қимыл-козгалыс ойындары: "Екі аяз. (дene шынықтыру)" Мақсат-міндеттер: мәтінге сәйкес қимыл-козгалыс жасай білуге баулу. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозгалыстарды дамыту: жылан секілді қозгалу. Мақсат-міндеттер: балаларды бірінің	тіршілік ету ортасы, сыртқы түрі, коректенуі, көбеюі туралы білімдерін тереңдепу; құстарға деген ізгілік сезімдерін, оларға камкорлық жасауга үмтүлуды тәрбиелеу. Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары (учаскедегі жолдарды қар мен қоқыстардан тазарту). Мақсат-міндеттер: еңбексүйгіштікке, көпшілдікке тәрбиелеу, бірлесіп жұмыс істеуге үйрету. Қимыл-козгалыс ойындары: "Қарғалар". (дene шынықтыру) Мақсат-міндеттер: екі аяғымен секіруді, әртүрлі бағытта

	және жетілдіру.	соңынан бірі тұрып "жылан" секілді қозгалуга үйрету.	Мақсат-міндеттер: лактыру күшін дамыту.	жүгіруді, мәтінді анық және дұрыс айтуды үйрету. Өзіндік еркін ойнын әрекеттері, қозгалыстарды дамыту. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: "жылан" секілді жүгіру іскерліктерін жетілдіру; қатарға койылған заттарды айнала жүгіруге машиқтандыру.	
Серуеннесін оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауым алуга, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машиқтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Тамактану мәдениетін қалыптастыру: қасықты дұрыс ұстау, сорпаны төкпеу, нанды үтіппеу, майлыхты дұрыс қолдану, тамақ ішкенде сөйлемеу. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі құту, тамактану, аракатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Асты-шашпай төкпей іш, Сораптамай аппен іш. Келген асты алдына Таусысып іш қалдырма. Тәрбиеші балалардың үстел үстінде дұрыс отыруларын қадагалайды. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу кимылды ойындар, үстел үсті ойындары,	Математика негіздерінен ойын-жаттығу	Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу	Коршаган ортамен танысадан ойын-жаттығу	

<p>бейнелуу эрекеті, кітаптар карау жөне тагы баска эрекеттер)</p>	<p>"Орман шыршасы". Мақсат-міндеттер. Балаларда "біл", "аласа" үгымдары туралы түсінік калыптастыру; заттардың білктігі мен ұзындығы секілді қасиеттері туралы түсінік аясын кенеңту; жабайы аңдардың қыскы тіршілігін пысықтау, адамдардың жаңа жылды қарсы алу әдебімен таныстыру. Үстел басындағы дамыту жаттығуы. "Біл шыршаны табайык".</p>	<p>"Аяз орнектері". Мақсат-міндеттер. Қыс құбылыштары туралы көркем сөздер мен жумбактар арқылы балалардың созік корын молайту; ой белсенділігін, бақылау, талдау, тұжырымдар жасау дагдыларын жөне зейіні мен есте сақтауын, ойлауы мен кабылдау кабілеттің дамыту.</p>	<p>"Аяз ата туралы такпак жаттау". Мақсат-міндеттер. Балаларды Жаңа жыл туралы тақпакпен таныстыру; көркем созді мәнерлеп оку үлігімен таныстыру.</p> <p>Музықадан ойын- жаттығу</p> <p>"Жасыл шырша жанында".</p>	<p>"Қардың қасиеті". Мақсат-міндеттер. Балалардың қыс мезгілде табигатты бақылау дагдыларын дамыту; қардың қасиетімен таныстыра отырып, кардың қасиеттері туралы білімдерін калыптастыру; кардың қасиеттерін атай білуге үрету. Дидактикалық ойын: "Бұл не?".</p>
<p>Пантомима ойны."Конжық тар". Мақсат-міндеттер: пантомима дагдыларын дамыту. (сойлеуді дамыту, коршаган ортамен танысу)</p>	<p>"Барысы: әр баланың алдына, үстелдің басына "Бауырсақтың жолы" атты карточкалар, табакшаларда түсті боршалар үлестіріледі. Қағаз бетіннің бір</p>	<p>Дамытуши жаттығу. "Бауырсақтың жолы".</p>	<p>Аяз ата туралы әнді айтуда есте сақтау кабілеттің дамыту; әниң создік магынасын түсіне білуге үрету; музыкалық жетекшімен және топпен ілесе ән айту қабілеттің жетілдіру; топпен ән айту кезінде ыргакты сезіне білу қабілетін</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Шырша бұтасында ілінген шар". Мақсат-міндеттер. Балаларды алдын-ала сызбалы түрде салынған шырша (инелерсіз) бұтагының және доңгелектің (шырша шары) сұлбасы үстінен фломастермен басып,</p>

<p>жаттыгуы. Мерекеге шыгады, Бүкіл халық, біліп көй. Отандастар ұгады, Тәуелсіздік – ұлық той! (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>драматизациялау. Мақсат-міндеттер: балалардың театрландырылған шараларға деген қызыгушылығын ояту. Балаларға арналған міндет: кейіпкерлердің эмоциясын жеткізе отырып, балаларды саусақпен кимылдауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p>	<p>"тауықтар" қымылды ойыны. Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіруді, ептілікті дамыту. Барысы: бөлменің бір шетінде тауық корасындағы тауықтар мен этештер орналасқан. Қарсы бетте тауықтар бар. Тауықтар мен этештер (үш-бес ойыншы) дәнді дақыл жеп жүргендей бөлме айналасында жүреді. Тұлқі оларға жакындағанда этештер: "Ку-ка-ре- ку!" деп айқайлады. Бұл белгі бойынша барлығы тауық корасына жүгіреді, олардың артынан тұлқі асығады, ол ойыншылардың кез келгеніне қолын тигізуге тырысады. (дene шынықтыру)</p>	<p>кимылды ойыны. Педагог балаларды екі топқа бөліп, бір сызыққа тұргызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяктарына шалынбай, аяқ-кол кимылтын сәйкестендіріп, еркін жүгіру керектігін айтады. Педагог жүгірудің бір бағытта гана болатынын балаларға түсіндіреді және қалай жүгіру керектігін тағы да естеріне салады. Екі топтағы балалардың қайсысы ережеге сай және тез жүгіреді, сол топ женген болыш есептеледі. (дene шынықтыру)</p>	
---	---	---	--	--

		<p>бұрышында Бауырсақ бейнесі, екінші бұрышта үй бейнесі бар тапсырма, Бауырсақтың жолында сол және он жақта ертегі кейіпкерлері орналасқан.</p> <p>- Балалар, алдарында Бауырсақтың жолы жатыр. Жол ата мен әженін үйінен басталып, андардың жанынан өтеді. Қолдарына боршаларды алтып, Бауырсақтың жолын бір аннан екінші анға жүргізіп, төмен қарай жіберіндер.</p> <p>Балалар қарындашпен үйден Бауырсакқа дейін сызықты үзбей жүргізіп отырады. (қоршаған ортамен тәнису)</p>	<p>дамыту; би кимылдарын орындауда ептілікке, дәлдікке үрету. Балаларды мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу; оку қызметіне белсенділіктері мен қызығушылықтарын арттыру. "Тәтті бал" тілге арналған жаттыгу.</p>	<p>суретті жасыл инелер мен қызыл шар элементтерімен тольктыруға үрету. Саусақ жаттығу. "Шырша ойыншықтары".</p> <p>Құрастырудан ойын-жаттығу "Шырша ойыншықтары". Мақсат-міндеттер. Балаларды қағазды бүктемелеу қасиетімен тәнису, шаршы пішінді қағаз бетінің бұрыштары ұштарын ортага қарай кезекпен бүктемелеп, дөңгелекке ұқсас жаңа пішінді, шырша ойыншығын құрастыруға үрету. Құрылыш нәтижесімен ойнату.</p>	
Балалармен жеке жұмыс	Жаттамақ	"Шалқан" ертегісін	"Тұлқілер мен	"Кім тез жүгіреді?"	

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу кымылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар карау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, казак тілі, көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. (музыка) Өнер бұрышында қыс мезгілін бояу суреттерін бояту, акқала мұсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. (шығармашылық дағдылар, жапсыру, мұсіндеу, сурет салу) Табигат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (зерттеу іс-әрекет, қарым-қатынас іс-әрекеті) Еркін рөлдік ойындар.</p>
<p>Балалардың үйге қайтысы (ата-аналарға кеңес)</p>	<p>"Тұған жерім тамаша" тақырыбына көрме үйымдастыру.</p> <p>Мысалы: "Ойыншық ты дұрыс таңдау" туралы болуы мүмкін. Кейбір ойыншықтардың сырты көз тартатындей болғанымен баланың денсаулығына тигізетін зияны жайында балаға түсіндіру, ұғындыру.</p> <p>Ата-аналарға балалардың жетістігі жайлы айту.</p> <p>"Тәуелсіздік - тірегім" тақырыбында газет көрмесі.</p>